

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау

ХАТТАМАСЫ

Қаратау қаласы

13.03.2026 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, 3 шағын ауданы 47А.

Қатысқандар: Бөбекжай-бақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау.

ТЫНДАЛДЫ: «Әйгерім» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Жуманазарова Кунжаркын Жамашовнаның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші Жуманазарова Кунжаркын Жамашовна – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР заңының 8- бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына және Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2026 жылғы 5 қаңтардағы №15 бұйрығына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2026 жылдың 5 наурызы мен 16 наурызы аралығында, 2025 жылдың қаңтар айы мен 2026 жылдың ақпан айы аралығы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;

- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 8) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.


Жұмыс тобы:

Комиссия 2026 жылғы 5 наурыздағы №94 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең:
2025 жылдың қаңтар айы мен 2026 жылдың ақпан айы аралығы.

ШЕШІМ:

1. Жария талқылау хаттамасы масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Төрайым:  К.Ж.Жуманазарова

Хатшы:  Н.Е.Омарова